Одним из условий успешной реализации Целей устойчивого развития в Беларуси является национальное законодательство. В 2018 году белорусский парламент принял ряд законов, направленных на достижение ЦУР. В их числе – об особо охраняемых природных территориях, о производстве и обращении органической продукции. В 2019 году будут рассмотрены законопроекты, касающиеся здравоохранения, прав инвалидов. Предполагается также, что именно Цели устойчивого развития станут органичной составной частью социально-экономического развития страны, чтобы к 2025 году выйти на объем внутреннего валового продукта в сто миллиардов долларов и «присоединиться к группе стран со средними душевыми доходами по паритету покупательной способности выше среднемирового» [3].

Еще одно важное условие успешного достижения ЦУР заключается в синхронизации работы региональных групп, так как «устойчивое развитие страны в целом возможно только в случае устойчивого развития всех ее регионов» [4]. Вот почему планы развития территорий должны предлагать, прежде всего, представители органов местного управления с учетом потребностей и интересов граждан. На первом Национальном форуме

устойчивого развития отмечался положительный опыт в этом плане Брестской и Могилевской областей. И речь сегодня идет о том, чтобы преодолеть разноускоренность движения по организации этой работы в других белорусских регионах.

Наконец, важную роль в имплементации основных положений Повестки-2030 в национальные стратегические документы, отраслевые и региональные программы должны сыграть средства массовой информации страны, которым «еще предстоит многое сделать для широкого понимания обществом сути ЦУР и роли каждого человека в их достижении» [5]. Заметим, что Министерство информации Беларуси уже выступило с инициативой создать в национальной архитектуре управления достижением ЦУР дополнительную группу, составленную из журналистов, глубоко погруженных в данную тему, чтобы вести информационную работу по всем 17 Целям устойчивого развития.

Литература

1. Щеткина, М. Устойчивое развитие зависит от каждого из нас / М. Щеткина // [Электронный ресурс]. – 2019. – URL: <https://www.belta.by/interview/view/ustojchivoerazvitie-zavisit-ot-kazhdogo-iz-nas-6646/>
2. Беларусь заняла 23-е место среди 156 стран в достижении ЦУР за 2018 год [Электронный ресурс]. – 2019. – URL: <https://www.belta.by/special/politics/view/belarus-zanjala-23-e-mesto-sredi-156-stran-v-dostizhenii-tsur-za-2018-god-333890-2019/>
3. Беларусь рассматривает Повестку-2030 как основу для новой глобальной политики – Мясникович [Электронный ресурс]. – 2019. – URL: <https://www.belta.by/politics/view/belarus-rassmatrivaet-povestku-2030-kak-osnovu-dlja-novoj-globalnoj-politiki-mjasnikovich-333892-2019/>
4. Щеткина: работу региональных групп по достижению ЦУР в Беларуси нужно синхронизировать [Электронный ресурс]. – 2019. – URL: <https://www.belta.by/society/view/schetkina-rabotu-regionalnyh-grupp-po-dostizheniju-tsur-v-belarusi-nuzhno-sinhronizirovat-333887-2019/>
5. СМИ составят отдельную группу в работе над достижением ЦУР в Беларуси – Щеткина [Электронный ресурс]. – 2019. – URL: <https://www.belta.by/society/view/smi-sostavjat-otdelnuju-gruppu-v-rabote-nad-dostizheniem-tsur-v-belarusi-schetkina-333874-2019/>

Буркут Азиза

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата
студент 3 курса по специальности Экономика*

Талапбаева Г. Е.

К.э.н, и.о ассоциированный профессор

МЕХАНИЗМЫ РЕАЛИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ТРАНСПОРТНОЙ ПОЛИТИКИ

В качестве основного регулирующего инструмента используется нормативное правовое обеспечение. Основными задачами по его совершенствованию являются:

- разработка нормативных правовых актов, регулирующих деятельность отдельных секторов транспортного комплекса;

- дальнейшая реструктуризация в секторах транспортного комплекса, занимающих монопольное положение на рынке транспортных услуг (за исключением вышеназванных);

- совершенствование тарифной политики, обеспечивающей удовлетворение платежеспособного спроса на перевозки и позволяющей снижать транспортные издержки;

- пополнение оборотных средств для обновления парка транспортных средств;

- правовое закрепление тендерных процедур на право предоставления услуг по социально - значимым пассажирским перевозкам в городском, региональном, междугороднем и международном сообщении;

- создание правовой базы для организации и строительства частных и платных автомобильных дорог;

- разработка механизмов деятельности и нормативной правовой основы для современных транспортных технологий - логистики и мультимодальных перевозок и т.д.;

- возвращение к практике лицензирования отдельных видов перевозочной и обеспечивающей деятельности с целью повышения их безопасности и

качества, придания финансовой "прозрачности" и компетентности их осуществления;

- совершенствование (гармонизация) нормативной базы систем сертификации в транспортном секторе, а также приведение в соответствие с международными стандартами правил технической эксплуатации транспортных средств.

Все нормативные правовые акты, регламентирующие деятельность транспортного комплекса и отдельных его секторов, разрабатываются с учетом сближения их правовой основы с требованиями международного права, а также международных организаций, членом которых является Республика Казахстан [1].

Другим инструментом государственного регулирования является администрирование, основными задачами по совершенствованию которого являются:

- оптимизация управленческой деятельности Министерства транспорта и коммуникаций с целью обеспечения комплексного развития и скоординированной деятельности всех секторов транспортного комплекса в рамках единой транспортной политики и системы;

- формирование и усиление функций управления транспортным комплексом в сферах обеспечения безопасности, лицензирования и сертификации, разработки региональных программ и предложений для республиканских программ развития отрасли, контроля за их реализацией, а также за использованием выделяемых бюджетных средств и т.п.;

- координация работы видов транспорта при перевозках в смешанном сообщении, а также скоординированное развитие видов транспорта при освоении новых территорий и реконструкции существующих сетей;

- усиление роли экспедиторских компаний и логистических центров;

дальнейшая оптимизация структуры и деятельности республиканских государственных предприятий [2].

Экономическое регулирование осуществляется посредством государственной тарифной политики, налогового и таможенного законодательства. Основными задачами по совершенствованию этих регуляторов являются:

- поэтапный отход от работы по жестким тарифным схемам к использованию принципа установления потолочной рентабельности и далее, по мере развития конкурентной среды, к свободному ценообразованию услуг перевозчиков;

- разработка механизмов индексации предельных тарифов с учетом инфляционных процессов при одновременном обеспечении социальных гарантий населению;

- предоставление в установленном законодательством порядке преференций субъектам рынка, предоставляющим социально - значимые услуги по перевозкам пассажиров, особенно в сельской местности.

Государство должно оказывать всемерное содействие расширению и совершенствованию рынков транспортных услуг, развитию предпринимательства и здоровой конкуренции как мощного фактора снижения издержек и повышения качества транспортного обслуживания населения и предприятий, созданию условий, при которых каждый пользователь мог бы свободно выбирать наиболее приемлемый вид транспортного обслуживания с учетом его цены, качества, регулярности, сохранности и безопасности, уровня сервиса.

Повышению качества транспортного обслуживания предприятиями всех видов транспорта вне зависимости от их формы собственности и ведомственной принадлежности способствует реализация общетранспортной системы сертификации транспортно - экспедиторских услуг.

Для этого потребуется переработать существующие государственные стандарты, разработать новые, являющиеся критериями оценки качества услуг и обслуживания, а также принять унифицированные правила транспортно - экспедиторского обслуживания, гарантирующие права и обязанности сторон, законодательные акты, регулирующие отдельные отрасли транспорта. Предстоит утвердить единую комплексную систему показателей качества транспортного сервиса и методов их оценки, создать механизм государственного контроля и защиты прав потребителей, разработать методики проведения обязательной сертификации предприятий, а также типовых проектов управления качеством [3].

Следует упорядочить взаимоотношения между существующими транспортно - экспедиторскими, перевозочными структурами, государственными органами, предприятиями и потребителями транспортных услуг, определив их права и взаимную ответственность в рыночных условиях.

Требует законодательного определения и деятельность международных экспедиторских организаций. Приоритеты, безусловно, должны быть отданы отечественным экспедиторам, осваивающим международный и внутренний рынки транспортно - экспедиторских услуг [4].

Тарифная политика государства должна реализовать общеэкономическую тенденцию перехода к системе свободного ценообразования, учитывая вместе с тем влияние свободных транспортных тарифов на уровень инфляции и платежеспособный спрос на перевозки.

Для этого в области тарифной политики предусматривается:

обеспечение свободного ценообразования в секторах транспортного рынка с высоким уровнем конкуренции;

осуществление контроля фактических издержек и рентабельности транспортных предприятий - монополистов;

установление фиксированных тарифов на транспортные услуги естественных монополий, согласование мер тарифного регулирования с другими стимулирующими и ограничивающими мерами;

обеспечение совершенствования тарифной политики и сохранения единого тарифного пространства в соответствии с межправительственными соглашениями о проведении согласованной политики в области определения транспортных тарифов [5].

Список использованных источников

1. Утин М. Теоретические аспекты развития транспортной отрасли // Саясат-Policy №2, 2008 г., стр 66
2. Алпысбаев С. Развитие транспорта Казахстана. // Саясат, №7, 2005. стр 58
3. Нозамантур Э.И.. Методы оценки эффективности перспективных прогнозов и программ развития транспортаУ/Моделирование систем и процессов управления на транспорте. - М.: 1999., С.32-34.
4. Бекмагамбетов М. К проблеме развития транзитного потенциала //Транзитная экономика №4, 2001
5. Гусева Е. Транспортный и транзитный потенциал Республики Казахстан // Транзитная экономика №3, 2001, стр 45

Мурсалова Х.Н., аға оқытушы, магистр

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана

ҒАРЫШ КЕҢІСТІГІНДЕ ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауы бойынша Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті дамыған 50 елдің қатарына қосылу үшін және ДСҰ-на мүшелікке кіруге, халықаралық экономикалық стандарттарға сәйкес озық елдердің қатарында индустриалды инновациялық жаңа технологияда өндіріс шикізат өнімдерін өндіруді жүзеге асыруда мамандар даярлау, ғылымды дамыту қажет делінген.

Қазіргі таңда жаһандану жағдайымен экономикалық интеграциялану барысында экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін күшейтуде, елдің индустриалды-инновациялық дамуының кешенді саясатын игеруде, оны жетілдіруде, елдің бәсекеге қабілеттігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

Бүгінде Қазғарыш “2008-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында Ғарыш қызметін дамыту” мемлекеттік бағдарламасы жасалынып, сонымен бірге, елімізде 2020 жылға дейінгі ғарыш қызметін дамыту стратегиясының жоспары, оған ғарыш саласындағы кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру, ғарыш қызметін мемлекеттік басқару жүйесі тұжырымдамасының жобалары дайындалып, “KazSat-2” спутнигін құру жөніндегі жұмыстар жалғасуда. Алғашқы кездерде ғарышқа ұшулар мен ғарыштық технологияларды дамыту тек әскери, идеологиялық және ғылыми мақсаттарда болса, ал қазіргі таңда ғарыш және ғарыштық технологиялар - үлкен тәжірибелік маңызы бар әлемдік экономикалық деңгейде жоғары бәсекелестік саласы болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан-2030" стратегиясында көрсетілген жеті басымдықтың біріндегі Инфрақұрылымды іске асыруда жаһандану жағдайында ғарыш саласын дамыту Қазақстанның басым бағыты болғандықтан қазіргі таңда жұмыстар жасалуда. Қазақстанның ғарыш саласын жүзеге асыру және қалыптастыру негізінде

интеграциялану үдерісінің даму деңгейі ғылыми зерттеудің өзектілігінің маңыздылығын анықтайды.

Халықаралық экономикалық интеграцияның теориялық және әдістемелік негізін қалаушылар жайлы әлемдік және отандық ғылыми мектептерде зерттелініп, экономикалық интеграция мәселелеріне қатысты әр түрлі көзқарастар орын алған. Ғаламдану, интернационализация және экономикалық интеграция түсініктері әлемдік экономикаға қатысты әр түрлі анықталады.

Сондықтан да Қазақстан Республикасының жалпы экспорттық жүйелерінің уақытылы тапсырмаларын орындау мақсатында, халықаралық еңбек бөлінісі жүйесінде біз Қазақстан Республикасын көтеруге ат салысамыз. Дамыған елдердің қатарында шикізатты экспорттау және сұранысқа қажет өнімдерін, материалдарын жеткізу елімізде сапалы мамандандарды дайындау бағытында өнеркәсібі дамыған шет елдермен тәжірибе алмасу арқылы жұмыс атқаруда. Бұл еліміздің экономикалық мүмкіншіліктерін тиімді пайдалану мақсатында қызмет етеді.

Халықаралық аналитикалық ұйымдар, болжау орталықтары, ғылыми мекемелер, университеттер, көптеген эксперттер және халықаралық экономикалық талдаушылардың ұсынысы бойынша 2010-2050 жылдарға дейін болашақта Қазақстан Республикасы ғарыш индустриясының интеграциялық бағалау дәрежесін дамыту бағытында бірнеше бағдарламалармен жұмыстар жасауда.

Экономикалық интеграцияны дамыту процесстері әлемде жаһандану процесі түрінде маңызды болса да олар интернационалдық шаруашылық саласын жетілдіруде сапалы жаңа кезеңге көшуге ілгері қадам басуда. Қазақстан Республикасының индустриалды және инновациялық дамуының ішкі саясатын игеруге бағытталған бірнеше ғылыми-техникалық және ақпараттық технологиялық байланыс жүйесі бәсекеге қабылетті дамушы елдердің қатарында халықаралық еңбек бөлінісі жүйесінде жоғары орынға ие.

Ғарыш саласын жүзеге асыру мақсатында: алдымен, қазіргі нарықтық экономикада Қазақстан Республикасының халықаралық Стандартты нормативтік талаптарына сәйкес индустриалды инновациялық салада жоғары деңгейде ғарыш индустриясының экономикалық интеграциясын дамыту процесстерін әлемде жаһандану процесі түрінде ұлттық экономикада өндірілген

тауар өнімдері мен өндіріс технологияларын жүзеге асыруда, ішкі және сыртқы сауда саясатын қамтамасыз ету үшін реттеу мәселелері қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті дамыған 50 елдің қатарына қосылу үшін индустриалды инновациялық жаңа технологияда өндіріс шикізат өнімдерін өндіру және оны дамыту жаңа технологияны игеруде қоғамдағы нарық үлесінің келешегі сұраныс пен ұсыныстың жоғарылауына әкеледі.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «2008-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту» мемлекеттік бағдарламасы, стратегиялары, жобалары;
2. Т.Мұсабаев – «Ел мәртебесін биіктететін сала», Егемен Қазақстан № 290-293 (25263) 24 қыркүйек 2008 ж.; «Космические исследования и эксперименты РК», 2008г.;
3. Л.М.Иватова – «Қазақстан Республикасының ғарышты игеру саласындағы халықаралық ынтымақтастығының негізгі бағыттары», Қоғам және дәуір, №4 (16), 2007 ж.;
4. Касымов С. “Национальная экономика в изменяющемся мире”. //“Альпари”, г. Алматы, 2000 г.
5. М.А.Бендиков – «Универсальные тенденции развития космической деятельности», Москва – 2003 ж.

Искакова М.С. докторант, Аманбаева А.А. доктор PhD

КазИГЗУ, Семей қаласы, Қазақстан

ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТЕГІ ТӘУЕКЕЛ

Нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі бизнестің тәуекелсіз болмайтынын көрсетеді. Кәсіпкер тәуекелді ең төменгі мүмкін болатын деңгейге дейін қалай азайтатынын білуі қажет. Фирма үшін қандайда бір жағымсыз жағдай болса да, кәсіпкер негативті нәтижелерді азайту мүмкіндіктерін қарастыруы керек.

Тәуекелді өзін-өзі сақтандыру есебінен және хеджирлау жолымен тәуекелдің бөліктерін басқа фирмаларға беру арқылы азайтуға болады.

Өзін-өзі сақтандыру меншікті қаражаттардың бөлігі есебінен зиянды жабу және ойда болмаған шығындарды жабуға қаражат жинақтаумен байланысты. Құны фирманың қаржы көрсеткіштерімен салыстырғанда аса көп емес мүліктің немесе бір типті мүліктің көп мөлшерін жоғалту қаупі төнгенде, ішкі шаралар көмегімен өзін-өзі сақтандыру орынды болады. Тәуекел дегеніміз кәсіпорынның белгілі өндірістік және қаржылық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде табыстың бір бөлігін жоғалту ықтималдығы.

Кәсіпкерлік тәуекел – бұл бизнестің түріне байланысты компания қызметінің тәуекелі. Олардың негізгі түрлеріне өндірістік, коммерциялық және қаржылық тәуекелді жатқызуға болады. Өндірістік тәуекел – бұл өнім өндірумен, қызмет көрсетумен, басқа да түрлі өндіріс қызметін жүзеге асырумен байланысты тәуекел.

Кәсіпкерлік тәуекел – өнімдерді, тауарларды, қызмет көрсетулерді өндірумен, оларды өткізумен, тауар-ақша және қаржы операцияларымен, коммерциямен байланысты кез келген қызмет түрінде пайда болатын әлеуетті мүмкін қауіптілік, ресурстарды ықтимал жоғалтулар. Ол ресурстардың күтпеген, есептелмеген шығыны ретінде немесе ресурстарды ұтымды пайдалануға есептелген нұсқамен салыстырғандағы табысты ала алмауы ретінде сипатталады.

Кәсіпкерлік тәуекелдің жіктелуі: Кәсіпкерлік қызмет белгілері бойынша: өндірістік тәуекел өнім тауар өндіруге және қызмет көрсетуге, кез келген өндірістік қызмет түрін жүзеге асыруға байланысты; коммерциялық тәуекел өндірген немесе сатып алған тауарларды және қызмет көрсетуді өткізу процесінде туады; қаржылық тәуекел кәсіпкердің банктермен және басқа қаржы институттарымен қатынас сферасында пайда болады; заңдық – заң актілерінің төмен сапасымен және заңдағы күтпеген өзгерістермен байланысты; инвестициялық тәуекел – техникалық экономикалық негіздемені сапасыз жасаумен, жобаның құнының күтпеген өсуімен, қоршаған ортаны қорғау туралы заңның күшеюіне байланысты; сақтандыру тәуекелі – сақтандыру қорын қалыптастырумен, қорды басқарумен байланысты. Аумағы бойынша: жергілікті, салалық, мемлекеттік. Пайда болу табиғаты бойынша: субъективті және объективті [1].

Кәсіпкерлік қызметтегі тәуекелден болған жоғалтулар материалдық, еңбектік, қаржылық, уақыт жоғалтулары, жоғалтулардың арнайы түрлеріне бөлінеді.

Материалдық түрі жобада қарастырылмаған қосымша шығындардың немесе үйлер, ғимараттар, жабдықтар, шикізат, энергия түріндегі материалдық объектілердің тікелей жоғалтуларынан көрінеді. Еңбектік жоғалтулар кездейсоқ болжанбаған жағдайлардан болған жұмыс уақытының жоғалтулары. Қаржы жоғалтулары тікелей ақшалай зиян нәтижесінде пайда болады. Уақыт шығындары кәсіпкерлік қызмет процесі ойдағыдай ақырын, кешігіп жүргенде орын алады. Жоғалтулардың арнайы түрлері адамдардың денсаулығына және өміріне, қоршаған ортаға, кәсіпкердің беделіне зиян келтіру және басқа қолайсыз әлеуметтік және моральдық-психологиялық зардаптары бар жағдайлар әсерінен көрінеді.

Тәуекелділік — дегеніміз табиғат құбылысы және адамзаттың әр түрлі қызметінің өзіндік ерекшеліктерімен пайда болатын ысыраптың қауіп-қатерлі мүмкіндігі.

Әр түрлі қызмет жүргізу процесінде тәуекелділік деңгейін анықтау, бағалау немесе басқару қаржы менеджментінде өзінің мақсатына жету үшін қарастырылатын негізгі әдіс болып табылады.

Тәуекелді басқару — дегеніміз тәуекелділігі жоғары оқиғаның пайда болуын болжамдау және тәуекелділіктің дәрежесін төмендетуге бағытталған әр

түрлі шаралар жиынтығы. Тәуекелділікті басқаруды ұйымдастырудың тиімділігі тәуекелділіктің жіктемесіне байланысты. Тәуекелділіктің жіктелуі— дегеніміз қойылған мақсатқа жету үшін тәуекелділікті әр түрлі белгілеріне байланысты топтарға бөлу. Тәуекелділіктің ғылыми дәлелденген жіктелуі әрбір тәуекелдің нысанын жалпы тәуекелділік жүйесіндегі орнын нақты анықтауға мүмкіндік береді және тәуекелділікті басқарудың әдістері мен нысандарын тиімді қолдану мүмкіндігімен анықталады. Тәуекелділіктің әр түріне басқарудың өз әдісі қолданылуы қажет.

Кез-келген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлер міндетті түрде тәуекелдерге барады. Себебі, жалпы экономиканы басқарудың барлық деңгейінде белгілі-бір шешімдерді қабылдау процесі соңғы нәтижелердің белгісіздік жағдайында іске асырылатыны белгілі. Соған байланысты кәсіпкерлік қызметтің кез-келген түрін жүзеге асыру әртүрлі тәуекелдермен тығыз байланысты деп айта аламыз. Экономикалық тұрғыдан алып қарағанда тәуекел – бұл «жоғалту қауіпі», «жоғалту ықтималдылығы» деп түсіндіріледі. Сондықтан да күнделікті өмірде тәуекелді әртүрлі материалдық және моралдық шығындардың пайда болуына әкелетін кейбір қолайсыз жағдайлардың пайда болу ықтималдылығы деп қарастыруға болады.

Кәсіпкерлік қызметті жүргізу кезінде оған қатысушы барлық тұлғалар көптеген объективті және субъективті себептерге байланысты әртүрлі тәуекелдерге барады. Тәуекелді белгілі-бір жағдайлардың болуы да, болмауы да мүмкін деп қарастырсақ және осы жағдайлардың біреуі іске асқан кезде кәсіпкерлік қызметке қатысушы тұлғалар мынандай экономикалық нәтижелерге қол жеткізуі мүмкін:

- оң нәтиже – пайданың көбеюі, шығындардың азаюы немесе белгілі-бір тиімділікке қол жеткізу;
- теріс нәтиже – салынған ақша қаражаттарының жартысын жоғалту, жеткілікті мөлшерде табыс алмау немесе қосымша шығындардың пайда болуы;
- нөлдік нәтиже – кәсіпкерлік келісімге қатысушылардың қаржы-шаруашылық нәтижелерін көрсететін көрсеткіштерге әсер етпеуі [2].

Тәуекелдерді төмендетудің тиімді жолдарын іздестіру экономиканың кез-келген саласы үшін өзекті мәселе болып табылады. Бүгінгі күні кәсіпкерлік қызметтерге тән типтік тәуекелдерді жіктеу кезінде, оның бір

түрі ретінде серіктестік тәуекелін енгізу қажет. Себебі, кәсіпкерлік қатынастарды ең алдымен серіктестік қатынас ретінде қарастырамыз. Серіктестік тәуекелі кәсіпкерлік қатынастарға қатысушы тұлғалар арасындағы келісім қатынастарына негізделеді. Серіктестік тәуекелі, әдетте кәсіпкерлік қатынасқа қатысушы бір тұлғамен келісім-шарт бекіткен оның серіктесі белгілі-бір себептермен өз міндеттемелерін орындаудан бас тартуы мүмкін жағдайларда пайда болады.

Серіктестік тәуекелі кәсіпкерлік қатынастарға қатысушы барлық тұлғалардың жүргізетін операцияларымен өте тығыз байланысты. Тәуекелдің осы түрін басқару мынандай екі факторға тәуелді: кәсіпкерлік қызмет түрлерінің ерекшеліктеріне және бекітілген келісім-шарттардың өмірлік кезеңдеріне. Кәсіпкерлік қызмет түрлерінің ерекшеліктеріне байланысты кәсіпкерлік субъектілерінің арасындағы серіктестік қатынастар әртүрлі болады.

Бекітілген кәсіпкерлік келісім-шарттардың өмірлік кезеңдерін үшке бөліп қарастыруға болады:

- келісімді бекіту (тәуекелді таңдау),
- келісімді іске асыру (міндеттемелердің орындалуын үнемі қадағалау),
- келісімнің жабылуы (міндеттемелердің толық орындалуы).

Келісімдерді дайындау және бекіту кезеңінде серіктестерінің сенімділігіне, сапасына және сонымен бірге, олардың келісімдерді іске асыру кезінде өзгеру ықтималдылықтарына талдау жүргізіледі. Серіктесінің сапасы ең алдымен, оның қаржылық жағдайымен, айналысатын қызмет түрінің болашағымен және елдегі немесе белгілі-бір саладағы жалпы макроэкономикалық жағдайлардың өзгеруімен анықталады. Ал, серіктесінің сенімділігін талдау және бағалау кезінде, оның қай елде орналасқаны, қандай салада жұмыс істейтіндігі, беделі, несиелік тарихы, төлем қабілеттілігінің болашағы және т.б. көптеген факторлар ескерілуі қажет.

Кәсіпкерлік келісім бекітілгеннен кейін, осы келісімге қол қойған барлық тұлғалар серіктестерімен қатынастарының өзгеру мүмкіндіктеріне байланысты тәуекелдерді үнемі қадағалап отыруы керек. Қадағалауды әрбір субъект өздерінің қызметтерінің ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі ұйымдастырады.

Тәуекел түрлері анықталғаннан кейін болашақта мүмкін болатын шығындар көлемін азайту мақсатында тәуекелдерге әсер ету әдістері таңдалады. Әдетте, тәуекелдің әрбір түріне оны азайтудың дәстүрлі екі-үш әдісін пайдалануға болады. Сондықтан да, тәуекелге әсер ететін әдістердің ішінен ең тиімділерін таңдау үшін, олардың тиімділіктерін салыстырмалы түрде бағалау мәселелері туады. Экономика секторларындағы салалық ерекшеліктерге қарамастан, экономиканың барлық салаларында тәуекелдерді төмендетудің бір-біріне ұқсас тетіктері пайдаланылады. Олардың барлығын бірнеше бағыттар бойынша топтастыруға болады. Сол бағыттардың ішінен кәсіпкерлік қатынастарға тән тәуекелдерге әсер етудің төмендегідей әдістерін пайдалануға болады:

- серіктестерді таңдау туралы қосымша ақпараттар жинақтау;
- өзін-өзі сақтандыру және кездейсоқ шығындардың орнын жабу үшін ақша қаражаттарын резервке сақтау;
- тәуекелді бөлу (әртараптандыру);
- сақтандыру.

Тәуекелді төмендетудің осы жоғарыда аталған бағыттарын таңдау кезінде кәсіпкерлік келісімге қатысушылар төмендегідей қағидаларды сақтауы қажет деп ойлаймыз:

- меншікті капитал есебінен жоғары мөлшерде тәуекелге баруға болмайды;
- тәуекелдің салдарлары туралы ойлану қажет;
- аз мөлшердегі табыс үшін жоғары мөлшерде тәуекелге бармау керек.

Бірінші қағиданы іске асыру үшін кәсіпкерлік қатынастарға қатысушылар тәуекелдер бойынша мүмкін болатын ең жоғарғы шығын көлемін анықтау, оны нақты кәсіпкерлік келісімге салынатын ақша қаражаттарымен салыстыру және сол көрсеткіштерді барлық меншікті қаржылық ресурстармен салыстыру арқылы салынған капиталды жоғалту кәсіпкерлік келісімге қатысушы субъектіні банкроттылыққа әкелетіндігін немесе әкелмейтіндігін анықтау сияқты іс-әрекеттер жасау қажет.

Кәсіпкерлік қатынастарға қатысушы ұйымдар екінші қағиданы іске асыра отырып, ең алдымен мүмкін болатын шығынның ең жоғарғы көлемін білу арқылы тәуекел салдарларын анықтауы қажет және сол арқылы тәуекелді

төмендету әдістері немесе сол шараларға қатысудан бас тарту туралы шешімдерді қабылдау талап етіледі.

Үшінші қағида шығын мөлшері салыстырмалы түрде жоғары болған жағдайда тәуекелден бас тарту қажеттілігін көрсетеді.

Кәсіпкерлік келісімге қатысушы барлық ұйымдар өздерінің тәуекелдерін неғұрлым төмендетуге қызығушылықтары бар. Бірақ олар тәуекелден толығымен қаша алмайды.

Серіктестерді таңдау бойынша қосымша ақпараттар жинақтау тәжірибе жүзінде келесідей шаралардың көмегімен іске асырылуы қажет деп ойлаймыз:

– кәсіпкерлік субъектілерінің ұйымдастырушылық құрылымында міндетті түрде заң бөлімдерінің, аналитикалық бөлімшелердің, болжау, жоспарлау үшін маркетингтік зерттеу қызметтерінің болуы керек;

– баспасөз беттеріндегі және қауіпсіздік бөлімдерінің материалдары негізінде серіктестер бойынша ақпараттарды үнемі қадағалап, бақылап отыру қажет.

Тәуекелдерді басқару мәселелерін шешудегі маңызды қадамдардың бірі келісімдерді толық немесе жартылай өзін-өзі сақтандыру және ақша қаражаттарын резервке сақтау мүмкіндіктерін оқып-білу болып табылады. Өзін-өзі сақтандыру бұл тәуекелдерді өзіне қабылдау болып табылады және тәуекелмен күрестің салыстырмалы түрде ең арзан әдісі болып саналады. Бұл жағдайда мүмкін болатын шығын ағымдық ақша қаражаттарымен немесе арнайы құрылған резервтердегі қаражаттармен жабылады. Сондықтан да өзін-өзі сақтандыру мүмкіндіктерін пайдалану шектеулі. Осы әдіс негізінен мүмкін болатын шығындар сомасы аз болған жағдайда ғана өзін-өзі ақтайды. Өзін-өзі сақтандыру әдісін пайдаланудың кәсіпкерлік субъектілері үшін келеңсіз жақтарының болатынын да ескерген жөн. Бұл ең алдымен айналым капиталындағы ақша қаражаттарының азаюына әсер етеді. Кездейсоқ пайда болатын шығындардың орнын жабу үшін ақша қаражаттарын резервтендіру бағыты да тәуекелді төмендетудің тиімді құралдарының бірі болып табылғанымен кәсіпкерлік қатынастарға қатысушы тұлғалар мешікті капиталдарының белгілі-бір бөлігін резервте үнемі ұстауы қажет. Яғни, бұл ақша

қаражаттары жаңа және тиімді келісімдерді бекіту кезінде пайдаланылмайды, себебі, оларды айналысқа жіберу өте қауіпті дегенді білдіреді [3].

Келесі кезекте, кәсіпкерлік келісімге қатысушылар арасында тәуекелдерді бөлу әдісі, яғни кәсіпкерлік субъектілері үшін тәуекелді төмендетудің бір құралы – әртараптандыру әдісіне тоқталайық. Әртараптандыру дегеніміз бір-біріне байланысты емес әр түрлі объектілер арасында тәуекелдерді бөлу.

Әртараптандыру нарықтық тәуекелді төмендетудің неғұрлым кең тараған тетіктерінің бірі болып саналады. Сонымен бірге, бұл әдіс кәсіпкерлік келісімдерге тікелей байланысты тәуекелдерді, яғни типтік тәуекелдерді төмендету үшін ғана тиімді екендігін ескерген жөн. Сондықтан әрбір ұйым өз қызметтерін мынандай бағыттар бойынша неғұрлым әртараптандыруға ұмтылулары керек:

- кәсіпкерлік объектілері бойынша;
- кәсіпкерлік қызметтердің түрлері бойынша және т.б.
- әртүрлі субъектілермен жұмыс істеу;
- ақша қаражаттарын әртүрлі жобаларға салу;

Сонымен, әртараптандыру әдісінің мәні кәсіпкерлік қатынастарға қатысушы субъектілердің бір немесе бірнеше қолайсыз факторларға тәуелділігін азайту, яғни кездейсоқ жағдайларға байланысты болашақта мүмкін болатын шығындарды мүмкіндігінше төмендету, бірақ бұл жағдай үнемі бақылауды қажет ететін тәуекел түрлерінің санын көбейтеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мамыров Н.К., Смагулова Н.Т. Основы предпринимательства. Алматы: Экономика, 2001.

2. Дүйсенбаев К.Ш. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау. Алматы: Экономика, 2001.

3. Лапуста В.Л. Предпринимательство. М., Инфра, 2005.

Banks and the banking system

**К.э.н Айдосова Б.Х.
Магистрант Омартаева Г.**

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата
Казахстан*

АНАЛИЗ ПОРТФЕЛЯ ФИНАНСОВЫХ ИНСТРУМЕНТОВ АО «БАНКЦЕНТРКРЕДИТ», ОЦЕНИВАЕМЫХ ПО СПРАВЕДЛИВОЙ СТОИМОСТИ, ИЗМЕНЕНИЯ КОТОРОЙ ОТРАЖАЮТСЯ В СОСТАВЕ ПРИБЫЛИ ИЛИ УБЫТКА ЗА ПЕРИОД

Финансовые инструменты банка, оцениваемые по справедливой стоимости, изменения которой отражаются в составе прибыли или убытка за период, представляют собой финансовые активы или обязательства, которые:

- приобретаются или возникают в основном с целью продажи или выкупа в ближайшем будущем;

- являются частью портфеля идентифицируемых финансовых инструментов, управляемых совместно, и по которым в недавнем прошлом существует доказательство извлечения прибыли в краткосрочной перспективе;

- являются производными (за исключением производных инструментов, которые являются договорами финансовой гарантии или созданными и фактически используемыми инструментами эффективного хеджирования); либо

- являются в момент первоначального признания определенными в категорию оцениваемых по справедливой стоимости, изменения которой отражаются в составе прибыли или убытка за период [1, с.22].

Таблица 1. Динамика и структура портфеля финансовых инструментов АО «БанкЦентрКредит», оцениваемых по справедливой стоимости, изменения которой отражаются в составе прибыли или убытка за период

Млн. тенге

Наименование показателей	2015		2016		Откл. 2016/2015, %	2017		Откл. 2017/2016, %
	Объем	Доля, %	Объем	Доля, %		Объем	Доля, %	
АКТИВЫ								
Производные финансовые инструменты	91 205	87,9	41 953	77,0	-54,0	19 495	58,0	-53,5
Договоры купли-продажи иностранной валюты	91 205	87,9	41 953	77,0	-54,0	19 495	58,0	-53,5
Торговые ценные бумаги	12 545	12,1	12 203	22,4	-2,7	13 023	38,8	6,7
<i>Долговые ценные бумаги</i>	<i>12 018</i>	<i>11,6</i>	<i>11 665</i>	<i>21,4</i>	<i>-2,9</i>	<i>12 364</i>	<i>36,8</i>	<i>6,0</i>
Государственный облигации РК	6 949	6,7	3 237	5,9	-53,4	3 086	9,2	-4,7
Корпоративные облигации	4 973	4,8	8 428	15,5	69,5	9 278	27,6	10,1
Облигации международных компаний	96	0,1	-	-	-100,0	-	-	-
<i>Долевые ценные бумаги</i>	<i>527</i>	<i>0,5</i>	<i>538</i>	<i>1,0</i>	<i>2,1</i>	<i>659</i>	<i>2,0</i>	<i>22,5</i>
Акции казахстанских компаний	444	0,4	538	1,0	21,2	637	1,9	18,4
Акции международных компаний	83	0,1	-	-	-100,0	22	0,1	100,0
Обремененные залогом по сделкам РЕПО	-	-	336	0,6	100,0	1074	3,2	220,0
Государственные облигации РК	-	-	336	0,6	100,0	472	1,4	40,5
Корпоративные облигации	-	-	-	-	-	602	1,8	100,0
ИТОГО АКТИВНЫЕ ОПЕРАЦИИ	103 750	100,0	54 492	100,0	-47,5	33 592	100,0	-38,4
ОБЯЗАТЕЛЬСТВА								
Производные финансовые инструменты	-	-	(9 199)	100,0	100,0	(9 227)	100,0	0,3
Договоры купли-продажи иностранной валюты	-	-	(9 199)	100,0	100,0	(9 227)	100,0	0,3
ИТОГО ПАССИВНЫЕ ОПЕРАЦИИ	-	-	(9 199)	100,0	100,0	(9 227)	100,0	0,3

П Р И М Е Ч А Н И Е - Таблица составлена на основе данных из [1], [2]

По данным таблицы 1 видно, что в структуре активного портфеля финансовых инструментов, оцениваемых через прибыль или убытки, за весь анализируемый период лидирующую позицию занимали срочные контракты по купле-продаже иностранной валюты:

- в 2015 году их доля составляла 87,9% (или 91,2 млрд. тенге);

- в 2016 году – 77% (или 41,9 млрд. тенге), что на 54% меньше показателя предыдущего года;

- в 2017 году – 58% (или 19,4 млрд. тенге), что на 53,5% меньше показателя 2016 года.

Вторую позицию в структуре портфеля занимали торговые ценные бумаги:

- в 2015 году их доля составляла 12,1% (или 12,5 млрд. тенге);

- в 2016 году – 22,4% (или 12,2 млрд. тенге), что на 2,7% меньше показателя предыдущего года;

- в 2017 году – 36,8% (или 12,3 млрд. тенге), что на 6,7% больше показателя 2016 года.

В свою очередь, в структуре портфеля торговых ценных бумаг лидирующую позицию занимали долговые ценные бумаги:

- в 2015 году их доля составляла 11,6% (или свыше 12 млрд. тенге);

- в 2016 году – 21,4% (или 11,6 млрд. тенге), что на 2,9% меньше показателя предыдущего года;

- в 2017 году – 36,8% (или 12,3 млрд. тенге), что на 6% больше показателя 2016 года.

В структуре торговых долговых ценных бумаг за последние три года приходилось:

- на долю государственных облигаций РК в среднем 7,4% (или 4,4 млрд. тенге). За последние два года их объем уменьшился в среднем на 29,1%;

- на долю корпоративных облигаций в среднем 16% (или 7,5 млрд. тенге). За последние два года их объем увеличился в среднем на 39,8%;

- на долю облигаций международных компаний в 2015 году приходилось 0,1% (или 83 млн. тенге).

В структуре портфеля торговых ценных бумаг вторую позицию занимали долевые ценные бумаги:

- в 2015 году их доля составляла 0,5% (или 527 млн. тенге);
- в 2016 году – 1% (или 538 млн. тенге), что на 2,1% больше показателя предыдущего года;
- в 2017 году – 2% (или 659 млн. тенге), что на 22,5% больше показателя 2016 года.

В структуре торговых долевых ценных бумаг за последние три года приходилось:

- на долю акций казахстанских компаний в среднем 1,1% (или 539,6 млн. тенге). За последние два года их объем увеличился в среднем на 19,8%;
- на долю акций международных компаний в среднем 0,1% (или 52,5 млн. тенге).

В структуре активного портфеля финансовых инструментов, оцениваемых через прибыль или убытки, третью позицию занимали ценные бумаги, обремененные залогом по сделкам РЕПО:

- в 2016 году их доля составляла 0,6% (или 336 млн. тенге);
- в 2017 году – 3,2% (или свыше 1 млрд. тенге), что на 220% больше показателя 2016 года.

В структуре ценных бумаг, обремененных залогом по сделкам РЕПО, за последние три года приходилось:

- на долю государственных облигаций РК в среднем 1% (или 404 млн. тенге). В 2017 году их объем увеличился на 40,5%;
- на долю корпоративных облигаций 1,8% (или 602 млн. тенге).

Таким образом, активные операции Банка по финансовым инструментам, оцениваемых по справедливой стоимости через прибыль или убыток, составляли:

- в 2015 году 103,7 млрд. тенге;
- в 2016 году – 54,4 млрд. тенге, что на 47,5% меньше показателя предыдущего года;
- в 2017 году – 33,5 млрд. тенге, что на 38,4% меньше показателя 2016 года.

Как видно из таблицы 1, в портфеле обязательств Банка за весь анализируемый период были срочные контракты по купле-продаже иностранной валюты:

- в 2016 году их объем составлял 9,1 млрд. тенге;
- в 2017 году – 9,2 млрд. тенге, что на 0,3% больше показателя 2016 года.

На рисунке 1 отражена динамика и структура активного портфеля финансовых инструментов, оцениваемых по справедливой стоимости через прибыль или убыток.




Рисунок 1. Динамика и структура портфеля финансовых инструментов, оцениваемых по справедливой стоимости через прибыль или убыток, в %

Таким образом, на основе анализа динамики и структуры портфеля финансовых инструментов АО «БанкЦентрКредит», оцениваемых по справедливой стоимости через прибыль или убыток, можно сделать следующие выводы:

- в структуре активного портфеля лидирующую позицию неизменно занимали срочные контракты по купле-продаже иностранной валюты, доля которых в среднем составляла 74,3% (или 50,8 млрд. тенге). За последние два года их объем снизился в среднем на 53,8%;

- вторую позицию в структуре активного портфеля занимали торговые ценные бумаги, доля которых в среднем составляла 24,4% (или 12,5 млрд. тенге). В 2016 году наблюдалось их снижение на 2,7%, в 2017 году – повышение на 6,7%;

- в свою очередь, в структуре торговых ценных бумаг первую позицию занимали долговые ценные бумаги, удельный вес которых в среднем составлял 23,3% (или свыше 12 млрд. тенге);

- третью позицию в структуре активного портфеля занимали ценные бумаги, обремененные залогом по сделкам РЕПО, удельный вес которых в среднем составлял 1,9% (или 705 млн. тенге);

- в структуре портфеля обязательств, оцениваемых по справедливой стоимости через прибыль и убыток, на долю срочных контрактов приходилось в среднем 9,2 млрд. тенге;

- в 2016 году объем активных операций по финансовым инструментам, оцениваемым через прибыль или убыток, уменьшился на 47,5% в связи с сокращением объема производных финансовых инструментов на 54% и государственных облигаций РК на 53,4%;

- в 2017 году объем активных операций по финансовым инструментам, оцениваемым через прибыль или убыток, уменьшился на 38,4% в связи с сокращением объема производных финансовых инструментов на 53,5% и государственных облигаций РК на 4,7%.

Литература:

1. Акционерное общество «БанкЦентрКредит». Консолидированная финансовая отчетность и Отчет независимых аудиторов за год, закончившийся 31 декабря 2017 года // <http://www.kase.kz>

2. Акционерное общество «БанкЦентрКредит». Консолидированная финансовая отчетность и Отчет независимых аудиторов за год, закончившийся 31 декабря 2016 года // <http://www.kase.kz>

Бақытжан Нұржан

Қаржы мамандығының магистранты

Нурмаганбетова Б. К.

«Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА БАНК ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Қазіргі жағдайда банктер қаржы-несие институттарының кездейсоқ жиынтығын ғана емес, шын мәнінде банк жүйесін білдіреді, яғни бірыңғай тұтастықты құрайтын қатынастар мен байланыстары бар көптеген элементтерінің жиынтығы. Банк жүйесінің негізгі қасиеттері, барлық жүйелер сияқты мыналардан тұрады: құрылым иерархиясы; тұтастық қасиетін қамтамасыз ететін жүйе құраушы қатынастар мен байланыстардың болуы; оның элементтерінің, қатынастары мен байланыстарының реттілігі; жүйе өзінің қасиеттерін көрсететін және жасайтын үдерісте ортамен өзара іс-қимыл жасауы; басқару үдерістерінің болуы.

Банк балансының пассиві күрделі және ағымдағы баптардан тұрады. Пассивтің күрделі баптары - акционерлік, резервтік капитал және бөлінбеген пайда; ағымдағы баптар - ең алдымен банктік депозиттерден (салымдар) және басқалардан құралады. Банк ресурстары құрылатын операциялар пассивті деп аталады. Банк ресурстары меншікті және тартылған болып бөлінеді.

Пассивті операциялар үлкен мәнге ие, нәтижесінде банктің меншікті капиталы қалыптасады. Бұл капиталдың болуы бөтен қаражатты тартуға негіз болады. Меншікті капиталдың көздері: акционерлік капитал (жарғылық қор), резервтік капитал (резервтік және пайда есебінен құрылған басқа да қорлар) және бөлінбеген пайда болып табылады. Коммерциялық банктердің тартылған қаражаты банк ресурстарының басым бөлігін қалыптастырады және банк алған депозиттерден (салымдардан) және кредиттерден (заемдардан) тұрады. Салымшылар мен басқа кредиторлардың қаражатын қабылдау-банктердің пассивті операцияларының негізгі түрі. Тартылған қаражаттың басты көзі коммерциялық банктердің барлық пассивтерінің едәуір бөлігін құрайтын депозиттер болып табылады. Депозиттер мынадай түрлерге бөлінеді және банк ресурстарының басты көзі болып табылады: талап етілгенге дейінгі салымдар, мерзімді және жинақ салымдары.

Әлемдік банк практикасында бір, екі және үш деңгейлі банк жүйелерін ажырату қабылданған. Бір деңгейлі әміршілдік-әкімшілік экономикасы бар елдерде бар, онда банк ісі мемлекеттік монополияға жатады және барлық банк жүйесін орталық банк ұсынады. Банк жүйесінің ең көп тараған түрі құрамына орталық банк, коммерциялық банктер және арнайы банктік емес кредиттік-қаржы мекемелері кіретін екі деңгейлі жүйе болып табылады. Үш деңгейлі банк жүйесінің болуы туралы мәселе қазіргі уақытта пікірталас болып қалып отыр. Кейбір авторлар, мысалы, И. Т. Балабанов арнайы банктік емес несие-қаржы мекемелерін жеке деңгейге бөлуді ұсынады, демек, үш деңгейлі банк жүйесінің бар екендігі туралы айтады.

Банк жүйесінің элементтері ретінде банктер басқа элементтермен, ең алдымен, банк инфрақұрылымымен өзара іс-қимылда ғана табысты дами алады. Банк инфрақұрылымының элементтеріне мыналар жатады:

- заңнамалық нормалар (кредиттік мекеменің мәртебесін, ол орындайтын операциялардың тізбесін анықтайтын);

- операцияларды жасаудың ішкі ережелері (заңнамалық актілердің орындалуын және салымшылардың, банк клиенттерінің мүдделерін, тұтастай алғанда оның өз мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін, әдістемелік қамтамасыз ету);

- есеп, есептілік, талдау базасын құру (деректерді компьютерлік өңдеу, заманауи коммуникациялық жүйелер базасында банк қызметін басқару);

- банкті басқару аппаратының құрылымы.

Қазақстан Республикасының банк жүйесі екі деңгейлі: 1 деңгей - Орталық Банкі (Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі; 2 деңгей - коммерциялық банктер (коммерциялық, жинақ, инвестициялық, ипотекалық, мамандандырылған салалық банктер) және мамандандырылған банктік емес кредит-қаржы мекемелері (инвестициялық қорлар, зейнетақы қорлары, сақтандыру компаниялары, инвестициялық компаниялар, қаржы компаниялары, ломбардтар, қайырымдылық қорлары).

Банк жүйесі тұрақты дамып келе жатқан және өзара іс-қимыл жасайтын, банк операцияларын толық көлемде де, ішінара да орындайтын қаржы-кредит институттарының бірлігі ретінде бағалау өлшеміне байланысты былайша жіктелуі мүмкін:

- меншік нысаны бойынша мемлекеттік, акционерлік, кооперативтік және аралас банктер бөлінеді. Бірқатар елдерде орталық банктің капиталы мемлекетке толық тиесілі (Ресей, Франция), кей мемлекеттерде 50% (Жапония, Швейцария) тиесілі;

- ұйымдық-құқықтық нысаны бойынша банктер ашық және жабық акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі қоғамдарға бөлінеді;

— функционалдық мақсаты бойынша-эмиссиялық (айналысқа ақша шығару), депозиттік банктер-халықтан салымдарды қабылдау олардың негізгі операциялары болып табылады; заңдарда рұқсат етілген барлық операциялармен айналысатын коммерциялық банктер;

- орындалатын операциялардың сипаты бойынша банктер әмбебап және мамандандырылған болып бөлінеді. Егер әмбебап банктер Еуропаға тән болса (тәуекелді төмендету), онда АҚШ үшін — мамандандырылған, өйткені мамандандыру клиенттерге қызмет көрсету деңгейін арттырады, банк операцияларының өзіндік құнын төмендетеді деп есептеледі;

- филиалдардың саны бойынша-филиалсыз және көп филиалды;

— қызмет көрсету саласы бойынша-аймақтық, өңіраралық, ұлттық, халықаралық; өңірлік және муниципалдық банктер жатады,

- қызмет ауқымы бойынша-шағын, орта, ірі, консорциумдар, банкаралық бірлестіктер.

Атқарушы билік органдарының нұсқауы бойынша мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыратын, арнайы мақсаттағы операцияларды орындайтын уәкілетті банктер болады.

Банк жүйесінің элементтеріне сондай - ақ банк инфрақұрылымы-банктерге ақпараттық, әдістемелік, ғылыми, кадрлық, коммуникациялық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін кәсіпорындар мен қызметтерде жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Анохина А.А. Банковская система: проблемы и перспективы / А.А. Анохина // Образование и наука в современных условиях. - 2015. - № 3. - С. 272-274.

2. Юдина, И. Н. Банковская система в развивающихся экономиках. Опыт становления, развития и кризисов / И.Н. Юдина. - М.: РИОР, Инфра-М, 2013. - 352 с.

Financial relations

Шаймардан А.

Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, Қазақстан

БЛОКЧЕЙН ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Бүгінде әртүрлі ақпарат көздерінен Bitcoin және криптовалюта ұғымдарын жиі кездестіреміз. Бірақ бұл ұғымдардың әлемнің барлық елдерінде кең таралуына қарамастан, көпшілігіміз осы ұғымдарды толық түсіне алмаймыз немесе мүлдем таныс емеспіз. Бұл мақалада мен бұл ұғымдар туралы емес, алайда, осы аталмыш түсініктердің жұмыс істеуіне негіз болған жүйе блокчейн туралы айтпақпын.

Блокчейн (ағылшын тілінен «блоктардың тізбегі») – әртүрлі ақпарат сақталған жекелеген блоктардың белгілі ретпен орналасқан блоктар тізбегі. 2008 жылы бұл жүйені жапониялық Сатоши Накамото ойлап тапты. Ол алғаш рет 2009 жылы цифрлық валютаның компоненті ретінде жасаған. Blockchain барлық операциялар бойынша негізгі жалпы реестр рөлін атқарады.

Блокчейн – бұл әр түрлі активтерді сенімді есепке алуға арналған көпфункционалды және көп деңгейлі ақпараттық технология. Бұл технология экономикалық қызметтің барлық салаларын қамтып, басқа көптеген салаларда қолданысқа ие бола алады. Олардың ішінде: қаржы және экономика; материалдық және материалдық емес активтермен операциялар, мемлекеттік және жеке ұйымдар мен аралас үлгідегі ұйымдардағы есеп. Шын мәнінде, блокчейн – бұл адам қызметінің кез келген түрін үйлестіру үшін қолданылатын жаңа ұйымдық парадигма [6].

Ғалымдар 2009 жылдан бастап, криптовалюта айналымын қамтамасыз ететін негізгі реестр қызметін атқарып келген блокчейннің экономиканың өзге салаларында да кеңінен қолданысқа ене алатынын айтады.

Қазақстан транзиттік дәліз ретінде блокчейн технологияларын логистика саласында қолдана алады. Блокчейн жүйесінің бір артықшылығы – әртүрлі келісімдер кезінде құжаттың, тауардың, тағы басқа ортадағы алмасу құралдарының

